

"НҰРСҰЛТАНДАР" клубы (бұдан әрі - клуб) - азаматтық-патриоттық белсенділікті насихаттайтын ұйым. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттері және қалалық студент-жастармен белсенді жұмыс жүргізуді ұйымдастыру мақсатында құрылған Клубқа тек "Нұрсұлтан" есімді ер азаматтар ғана қабылданады.

"НҰРСҰЛТАНДАР" КЛУБЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

1. Егеменді еліміздің қол жеткізген толымды табыстарын, жеткен жетістіктерін, шыққан биіктерін, қарышты қадамын насихаттау;
2. Студенттердің еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатқан игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктерін кеңейту;
3. Университетте жастарды ынталандыру, студенттердің қоғамдағы азаматтық орнын күшейту;
4. Жастар мен жасөспірімдердің отансүйгіштік қасиетін арттыру. Өскелең ұрпақты Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу;
5. Студент-жастарға патриотизм туралы түсінік бере отырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Клуб құрамында қазіргі таңда 63 "Нұрсұлтан" есімді ер азаматтар жұмыс жасайды.

Клубтың жетекшісі - Техникалық факультетінің "Технологиялық машиналар және жабдықтар" мамандығының 1-курс магистранты Хұжамқұлов Нұрсұлтан.



